

Дәріс №1. Философияның пәні мен әдісі

Оқыту әдістері/дәріс түрі: Ауызша баяндау, презентация, глоссарий

Оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар: интерактивті тақта, сызба – кестелер, бейнефильм

Дәрістің оқыту нәтижелері

ПОН 2- этикалық шешімдерді негіздеу және қабылдау үшін медиамагнәтіндерінің

ПОН 1- философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау; болмысты философиялық түсінудің ерекшеліктерін түсіндіру; дүниетанымды табиғи және әлеуметтік дүниені философиялық рефлексия мен зерттеудің өнімі ретінде негіздеу; дүниені ғылыми-философиялық танудың әдістерін жіктеу. философиялық аспектісін, әлеуметтік-мәдени және жеке жағдайларды талдау.

Дәрістің мазмұны (жоспары)

1. Философия және дүниетаным
2. Мифология, дін және философия. Қоғам дамуындағы мифтің рөлі
3. Философияның пәні, қызметтері, міндеттері мен алатын орны

Дәрістің тезистері;

Дәріс мазмұнының 1-бөлімі бойынша тезистер

Философия – адамзат мәдениетінің қайталанбас және ерекше құбылысы. Философияны мақсатты түрде оқу, ойлау мәдениетінің өсуіне, өзіндік сананың қалыптасуына, дүниежүзілік мәдениет пен өркениеттің байлықтарын тұрақты және жүйелі игеруге, табиғат, қоғам болмысының даму заңдылықтарын түсінуге, мамандықты саналы таңдап, жетілдіруге жетелейді.

Философия деген не? Дүние қашан пайда болды? Қалай дамыды? Философия бұдан бірнеше мың жыл бұрын Қытайда, Үнді елінде, Египетте, Вавилонда пайда болды. Бұдан 2500 жыл бұрын (б.з.д. V ғасыр шамасында) Афина қаласындағы грек демократиясында классикалық түрге ие болып, ерекше білім ретінде қалыптасты.

Дүние қалай жаратылған, бастамасы қайда; Ол мәңгілік пе? Адам дегеніміз не, оның дүниедегі орны қандай? Ақиқат пен жалғанның ара салмағы неде? Өмір сүрудің мәні бар ма? Адам өмірінің мәні неде? Адам баласы қалай пайда болды? Қозғалыс мәңгі ме, әлде уақытша ма? Адам мен жануарлар өмірі және олардың қатынасы қалай? Олардың өмір сүру ортасы деген не? Осындай «мәңгілік» сұрақтарға жауап іздеу - философияның міндеті. Екіншіден, адамның дүниеге қарым-қатынасы санқилы. Осыған сәйкес адамның көзқарасы да әртүрлі, көп. Олардың себебін біліп, ажырата білу де керек. «Дүниеге көзқарас» термині ғылым тіліне, күнделікті сөзге терең енді. Ол алғашқы рет XVIII ғ. неміс философиясы мен мәдениетінде (Кант, Фихте, Гете) кездеседі, адамға тән, оны іштей реттеп отыратын, рухани құрылымды белгілейді. Дүниеге көзқарасты анықтаудың ең жақын әдісі – білім мен құндылық қатынасты байланыстыру. Мазмұны тұрғысынан, ол адамның дүниеге және сол дүниедегі адамның орнына қатысты көзқарас, тұтастыққа ие болған жүйе. Байқау, сезу және ойлау арқылы пайда болатыны білімге байланысты.

Білім дегеніміз - объективті, біздің санамызға, іс-әрекетімізге тәуелсіз өтіп жатқан заттар мен құбылыстардың, қатынастардың құрылымы мен заңдылықтары, басқалармен байланысы туралы деректер жиынтығы саналса, құндылық адамдардың, олардың әртүрлі дәрежедегі топтардың (отбасы, еңбек ұжымы, тұрғындар қауымы, ұлт, халық, адамзат, т.б.) тарихи даму сұранысына сай сол заттар мен құбылыстарды бағалауы, өз іс-әрекеттеріне қатыстыруы немесе ескермеуі. Осы ретте дүниеге көзқарас әрқашан объективтік білім мен субъективтік құндылықтың бірлігі болып табылады. Олар бір-бірімен қайшылыққа келіп, бірін-бірі жетелеп отырады, дүниеге көзқарасты тереңдете түседі, оның ғылыми объективті

бастауын кеңейтіп отырады. Сондықтан білім деңгейіне байланыстырып, дүниеге деген көзқарастың дәрежелерін ажыратуға болады.

Астрономияда аспан әлеміндегі денелердің құрылымы мен қозғалысы зерттелсе, математика, есептеу саласын, геометрия математиканың бір тарауы ретінде үшбұрыш, текше, квадрат, геометриялық дене, шар, пирамидаларды, натурфилософия – табиғатты зерттеу ілімі ретінде теориялық көзқарастар жүйесін қалыптастырады. Көрінген білімде әртүрлі дәрежедегі бағалау белгісі болғандықтан, бейнелейтін затқа байланысты ғылыми, діни, философиялық, әдептілік, саяси, экономикалық, т. б. көзқарастар ажыратылады.

Саналы адам шамамен 50 мың жыл бұрын пайда болды деп есептеледі. Олай болса адамдар көзқарасы осыдан бастап, әр қилы қалыптаса бастады.

Көзқарастың түрлері:

1. Жай немесе қарапайым көзқарас, күнделікті өмір қажетінен туған білім мен құндылықтар жиынтығы.

2. Теориялық көзқарас - белгілі бір тәртіпке келтірілген, жүйеге салынған көзқарас.

3. Ғылыми-теориялық көзқарас; дін - теориялық, бірақ ғылыми емес.

Философияны ғылым ретінде қарағанда, одан дүниетанымдық, теориялық, әдістемелік (жалпы ғылым әдісі ретінде немесе жеке ғылымдардың әдісі туралы) мазмұндарды ажыратуға болады. Олар табиғатты, қоғамды, адам санасын тұтас бір құбылыс ретінде алып, бәріне ортақ жалпы заңдылықтарды ашып, объективтік шындық жөнінде негізгі қағидалар жүйесін қалыптастырады. Болып жатқан белгілі бір жағдайларды жаңаша танып байқау, белгілі тәртіпте ұғынуды ұсынады.

Көзқарас әр түрде әр адамда өзінше қалыптасады. Былайша айтқанда, (*прогрессивтік, реакциондық, кертартпалық*), консервативтік, интернационалдық, патриоттық, гуманистік (адамгершілік), ғылыми-сипаттарда көрініс береді.

Көзқарас дегеніміз - дүниеге белгілі бір түсінікпен қарау. Көзқарас болу үшін сана, оның жетілуі үшін білім керек. Ол неғұрлым көп білу, ынталану арқылы жүреді. Көзқарас - негізінен әртүрлі дәрежеде қалыптасады.

1. *Сезімдік*. Сезім сананы оятады. Мысалы, музыка адамды қуантады, әдемі әсер береді, ойды билейді, ал кей қайғылы әуендер - адамды қайғыртады.

2. *Ұғым* - жеке қабылдау бейнелерін жинақтаудан туады. Қорқу, уайымдау, қуану күйлері (эмоциялар) бейнелердің ерекшеліктеріне әсер етеді.

3. *Ұғыну* - ойға салу, неге олай болды деп пайымдау алғашқы көзқарастарды тудырады.

4. *Илану* (сену). Иланусыз көзқарас болмайды, сенім күресуді талап етеді. Дін де илануды (нануды) талап етеді, бірақ ол еш нәрсенің себебін ашпайды. Наным, сенім - көзқарастың өзегі.

5. *Тұрақты пікір*. Пікір тұрақталмаса, көзқарастың мәні болмайды. Дүниеге көзқарас бағалаудан, іс-әрекеттен ғана тумайды, объективтік шындықтың адамға ықпал жасайтын әсерінен пайда болады. Олар: күдіктену, уайымдау, қайғыру, мазасыздану, қорқу, ренжу, шаттану, масаттану және қуану. Бұлар адам интеллектісі мен эмоциясына тікелей байланысты. Эмоция (сезіну, әуестік, көңілкүйі) - әрдайым ізденістің бастамасы.

Ғалым, ақын, артист болу үшін де адамның эмоциясы (ішкі дүниесі, сезімі) бай болуы керек. «Көз - адамның ішкі дүниесінің айнасы». Тұрақты көзқарастың екінші бір негізі теория болуы шарт.

2. Мифология, дін және философия. Қоғам дамуындағы мифтің рөлі.
Дәріс мазмұнының 3-бөлімі бойынша тезистер

Көзқарастың тарихи түрлері: Миф, дін, философия. Дүниеге көзқарастың тарихи алғашқы түр і- миф (аңыз, ертегі). Мифология (гр mythos - аңыз, logos - ілім)

қоғамдық сананың түрі. Дүниені түсінудің бұл архаикалық түрі - біздің ертедегі бабаларымыздың өмірінде маңызды рөл атқарды, алғашқы қауым адамын табиғатпен үйлесімді біріктіре білді, рулық өмірді реттеп отырды. Миф - қоршаған ортаны қиял, керемет, ғажап ретінде қабылдауға мүмкіндік берді. Миф - мына негізгі сұрақтарға жауап беруге тырысады: әлемнің пайда болу жолдары, жер және адам қатынасы, табиғи құбылыстар, оларды түсіну, мәнін ашу, адам тағдырының көзі, адам қызметі мен оның табыстары, намыс пен ар мәселесі, қарыз бен борыш, этика және өнегелік, т.б.

Мифтің ерекшелігі: табиғатқа адамның өз қасиеттерін беріп адам қатарына қосуы, құдіретті құдайдың бар болуына кәміл сену. Адамдардың өзара қатынасы және әрекеті, абстрактылық толғануы (рефлексия - сананың өз-өзіне бағыттталып, өзінің психикалық күйіне ой жүгіртуі) нақты өмірдегі шаруашылықты практикалық бағытта дамытып, апаттан қорғауға арналады. Бұл мәселелерде мифологиялық сюжеттердің біртүрлігі және үстірттілігі басым, яғни барлық халықтар бастауын дүниеге көзқарастың осы деңгейінен алады.

Әрбір жеке адам өз дамуында адамзат тарихын өте қысқа түрде қайталайды деп В. И. Ленин айтқандай, мифологиялық сананы жас баланың санасымен теңестіруге болады. Олар да өзінің саналы жан екенін түсінбей ойыншықтармен сөйлесіп, ұрысып, әке-шешесінің өзіне істегенін оларға істеп, шын көңілмен оларды өздеріне тең санап өмір сүреді. Балалар санасы да синкретикалық сипатта көрінеді. Сана біртұтас қалыпта, ақыл мен сезім деңгейлері ажыратылмаған, жақсы мен жаман істер анықталмаған күйде өтеді. «Балалы үйде ұрлық жатпайды» деген қазақ халқының мақалы да осыдан туған болар. Бала тек өсе келе, шындықты жасырмай айтып, таяқ жегеннен кейін ғана өтірік айтуға, кейбір ойын, іс-әрекетін жасырып қалуға, яғни ақылмен сезімде берілгенді тежеп ұстауға үйренеді. Мифологиялық сана арқылы ғана адамдар алғашқы қауымға бірігіп, адамдық қатынастарды дамытып жетілдіре алады. Ұрпақ жалғастырудың не себепті өтетінін білмеуге байланысты ру мүшелерін бір тотемнің (көбіне жануарлардың бір түрі) тұқымдары деп санап, өзара бауырластық, теңдік, көмектесу талаптарын, кейін сүйіспеншілік, борышты болу қасиеттерін дамытты. Биологияның «тіршіліктің басқа түрлерімен және өзара мәңгі күресу» заңының шеңберінен шығып, әлеуметтік заңдылықтарға бағынуға үлкен қадам жасады, өздерінің рухани жандық сипатын (санадағы бейне, түсініктерге сүйеніп, жоспарлы түрде іс- әрекет жасау) жетілдіре түсті.

Миф сананы оятады, прогресс дамуының негізі - жазба мәдениетінің пайда болуы арқылы дін, философияға біртіндеп өтеді.

Дін - көзқарастың бір түрі. Дін - табиғаттан тыс ғажап күштердің бар болуына негізделінген сенім. Ол адам өміріне және қоршаған ортаға ықпал етеді. Діни көзқарас қоршаған ортаны сезімдік, бейнелік - эмоциональдық түрде қабылдауды сипаттайды.

Дін қазіргі кезде үш дүниежүзілік діндерден: *христиан, ислам, буддизм* және көптеген ұлттық діндерден: *синтоизм, иудаизм, индуизм, тәңірлік, конфуцийлік, даосизм, т. б.* тұрады. Дін адамдардың үлкен топтарын, халықтарды біріктіріп, қоғамды идеялар арқылы тұрақтандырады. Ол мәдениеттің кеңістікте тарауына мүмкіндік туғызды да, ортақ салт-дәстүрлердің қалыптасуына ықпал етеді. Өнегелік-тәрбиелік саласыда жақыныға сүйіспеншілік, қайғысына ортақтасу, адалдық, төзімділік, парасаттылықты міндет деп санайды. Дін адамды адамгершілікке, тазалыққа үйретеді.

Діни сенім заңды, тарихи түрде қалыптасады. Тотемдік сенімнен табиғаттан тыс күшке (құдай, сайтанға) сенудің арасында табиғаттың дүлей күштеріне (найзағай, теңіз, ай, күн) сену жатыр - оны пұтқа (заттық формадағы нәрсеге: икона, сурет, мүсіндерге) илану деп санайды. Шынайы дін жеке заттан бүкіл аспанға, әлемдік ғарышқа табыну (тәңірге сену, конфуциялық ілім), абстрактылық күштер күресі (зооастризмдегі жарық пен түнектің мәңгі шайқасы, кезектеле жеңіске жетуі)

идеялары арқылы жетіліп, қазіргі әлемдік діндерде қалыптасты. Бұл негізінен сананың жетілуі, абстракциялық ойлаудың, жақсы мен жамандық идеяларын құрастыра білу мүмкіндігінің пайда болу жемісі. Идеалдар да жоқтан алынған жоқ, ол реалдық адам болмысының қарама-қарсы бастауларын жинақтаудың нәтижесі. *Жамандық* - адам бойындағы биологиялық заңдылықтар (тек өз қамын ойлау, жануарлық инстинктіге бағыну, ұмтылыстарына жету үшін күшке, алдауға сүйену, т. б.), *жақсылық* - тәрбиеден алынған әлеуметтік заңдылықтарды пір тұтып дамыту. Адам бойындағы реалды қасиеттер топтастырылып, бірі - сайтан жолы, екіншісі - құдай, имандылық жолы аталып, олардың мәңгілік күресі мойындалды. Тек қоғамда ғана адам болып туып, өмір сүре алатындығы ескеріліп, оның тұрақтылығын, бейбіт дамуын қалайды. Бірақ, үстемдік етуші әулеттер, тап пен ұлттар, елдің көңілін ішкі теріс шешімдегі мәселелерден басқаға аудару үшін, діндердің әртүрлі көзқарастарды ұстанатынын, бұқара халықтың ғылыми білімінен алшақтығын пайдаланып, өздерінің саяси-экономикалық тартыстарын діни соғыстарға аударуға тырысатындығы да тарихта жиі кездеседі.

Діни көзқарас, сана мен сенім - қарапайым халықтың философиясы деуге де болады, яғни оның қоғамға қажеттілігі әлі де жоғалған жоқ. Егер рационалдық ғылыми білімнің әрқашан бүгінде шешімі жоқ бір нәрселерге тап болып отыратындығын, ал сенім тек тұтастық ретіндегі көзқарастың жемісі болғандықтан, сондықтан жетіспеген білімді адамдар мифологиямен толықтыратынын пайымдасақ, дінді мәңгі қоғамдық құбылыс деу орынды. Оның тәрбиелік мәні өте зор себебі әрбір жаңа ұрпақ биологиялық заңдылықтардан тек өз күшімен, ақылымен арылуы қиын, ал мемлекет тарапынан күш көрсету – көбіне кері нәтижелер әкеледі. Сондықтан, оның мифологиялық бастамаларын символдар ретінде қарап, біртіндеп рационалдық күйге көшіріп, әлемдік діндердің алшақтаған идеологиясынан құтылып, діни сенімді адам көзқарасының қажетті бастауларының бірі санауға ұмтылған жөн. *Діннің үш элементі бар: діни түсініктер, діни сезімдер, діни табыну мен әдет-ғұрып жоралары.* Олар әлеуметтік жағдайларға байланысты әртүрлі болып келеді. **Дін дүниені екіге бөледі: о дүние және бұл дүние.** Дін өз нұсқауларын құдай атымен мәңгі-бақи бекітпекші болатын неғұрлым консервативтік идеологияның формасы болып табылады, яғни оны реформалау асығыстықты қаламайды.

Философия – көзқарастың бір түрі. Ертеде әр нәрсенің себебін білігісі келгендер, діни ұғымдар мен жай ұғымдарға қанағаттанбай құбылыстардың түбіне үңіліп, сол туралы өзіндік пікір айтты. Оларды - «философ» деп атайды. «Философ» деген сөзді алғашқы рет гректің, ойшыл, математигі Пифагор (580-500 б.ғ.д) енгізді. Бұл термин Еуропа мәдениетінде Платонның (427-347 б.ғ.д) атымен тығыз байланысты. Philo - сүйемін, sophia- даналық, яғни даналықты сүйемін деген мағынаны береді. Араб тілінде «фәлсәфа» деп аталады.

Философ - алғашқыда әрі дана, әрі табиғатты зерттеуші, сынаушы, байқаушы ретінде бой көрсетті. Сондықтан, бұларды «натурфилософтар» деп атады. Философияның дүниеге келуі дегеніміз - өмірлік тәжірибеде адам сезімінің, идеалдық үміттің және әлем туралы білімнің үйлесімдігін іздеу нәтижесінде ерекше рухтың қалыптасуы болады. Философия пайда болуынан бастап барлық ғылымды қамтыды, яғни ғылымның ғылымы болды. Кейінірек әр пән өз алдына ғылыми пән ретінде қалыптасты. Б.з.д IV ғ ежелгі Грекияда теориялық логика пәні, ал б.з.д. II ғ математика (Евклид геометриясы және арифметика), астрономия (астрологиямен бірге), кейінірек филология және тағы басқалары бөлінді, яғни ғылымды жіктеу дифференциялау (бөлшектеу) басталады.

Әр дәуірде философиялық ілімдердің ішіндегі ғылымның құрамында әртүрлі көзқарас болды. Эллиндік дәуірде стоиктер мен эпикуршылар философияны логика, физика және этика деп жеке бөліктерге бөлді. Оны бақшаға теңеді. Бақтың қоршауы - логика (логикаға танымның барлық мәселелерін, тіпті тілді де қосады), физика - оның

жемістері, яғни табиғатқа байланысты (астрономиялық, физикалық, биологиялық, т. б. білімдер). Этика – адамның мінез-құлқы, тәртібі туралы ғылым, ол философияның ұйытқысы (ядрасы), ол бағыт және керекті тәртіпке жол көрсетеді деп саналды.

Орта ғасырда Схоластикалық философияны болмыстың негізгі себебі және жоғарғы принципі туралы ғылым ретінде түсіне бастады, сонымен бірге ол «діни ілімнің құлы» болып саналды. Қайта Өрлеу дәуірінде философиясының ерекше сапалы бөлігі - натурфилософия (табиғат философиясы). Жаңа Заман философиясында жаратылыс ғылымдарының кешені қалыптасты (физика, химия, биология, т.б.). Енді олар философия саласына тіпті кірмейтін болды. Және гуманитарлық ғылымдар (тарих, лингвистика, өнертану, т.б.) бөлінді.

Философия барлық ғылымдардың әдістемелік релін сақтап қалды. XIX-XX ғ марксизмде Гегель философиясының негізінде философия пәні туралы төмендегі түсінік қалыптасты.

Философия дегеніміз - табиғат, қоғам және адам санасының ең жалпы даму заңдары туралы ғылым қоғамдық сананың бір түрі, көзқарастық теорияның негізі, философиялық пәндер жүйесі, адамның рухани дүниесінің қалыптасуына ықпал жасайтын ілім. Философия пәні осылай түсінумен бірге XX ғасырда әртүрлі философиялық ілімнің негізгі мәселесінің әртүрлі болуына байланысты, бұл сұрақтың шешу жолдары анықталды.

3. *Философияның пәні, қызметтері, міндеттері мен алатын орны.*
Дәріс мазмұнының 3-бөлімі бойынша тезистер

Философияның негізгі бөлімдері (тараулары):

1. *Онтология* (ontos-тіршілік, logos-ілім) - болмыс туралы ілім.
 2. *Гносеология* (гр gnosis-таным және logos-ілім) – таным туралы ілім.
- Эпистемология (гр. episteme – білім, logos – ілім, сөз) туралы ілім.
3. *Әлеуметтік философия* - қоғам туралы ілім.

Философияның пәндері:

1. *Логика, эстетика, этика, ғылыми әдістеме, ғылымдар философиясы* (математиканың, астрономияның, физиканың, биологияның, т.б. философиялық мәселелері).
2. *Антропология философиясы* - адам болмысы.
3. *Мәдениет философиясы* - мәдениет әлемі.
4. *Тарих философиясы.*
5. *Құқық философиясы* - мемлекеттік заңдар әлемі.
6. *Дін философиясы.*

Болмыстың бастамасы туралы сұрақ философияның негізгі мәселесі саналады. Оны ашық түрде алғашқы анықтаған *марксизм*, ол **монизм, дуализм, плюрализм** ұғымдарымен тығыз байланыста болды. *Монизм* (гр mones - біреу, жалғыз) - дүниенің негізінде бір ғана бастама бар деп танитын философиялық бағыт, *идеалистік ілімдерде* - *рух*, *материалистік ұғымда* - *материя*. Монистер деп барлық дәйекті материалистерді (Демокрит, Фалес, Анаксимен, Анаксимандр, Гераклит, Дидро, Гольбах, Маркс, Ленин) және барлық дәйекті идеалистерді (Августин, Фома Аквинский, Кант, Гегель, Юм) санайды. *Дуализм* (лат. Duo - екеу)(Кант И, Декарт Р) - дүниенің негізі бір біріне бағынбайтын, тепе-тең екі нәрседен - рухтан және материядан - басталады деп, материализм мен идеализмді үйлестіруге тырысатын ағым. *Плюрализм* (лат. Plurais - көптік) - дүниенің негізі бір-бірімен байланыссыз, белгілі бір бастамасы жоқ мәндерден тұрады дейтін ілім. Болмыстың негізінде көптеген (жер, су, рух, т.б.) нәрселер бар деп санайды.

Дүние негізінің сапасына сай, *философия материализм және идеализм* болып бөлінеді.

Материализм - бұл философиядағы ағым, дүниенің негізі ретінде материяны (табиғатты) мойындайды. Үнді философиясында материализм ежелгі Чарвака-Локаята мектебінде, Грек философиясында Милет мектебінде, Гераклит, Демокрит, жаңа кезеңдерде - Бэкон, Локк, Спиноза, Дидро, Фейербах, Маркс, Герцен, Чернышевский және Ленин, француз ағартушыларының ілімдерінде дамыды. Материалистік ілім бойынша дүние, табиғат мәңгілік, ол жаралмайды, жойылмайды да, уақыт пен кеңістікте шексіз-шетсіз өмір сүреді.

Материализм тарих дамуында бірнеше сатыдан өтті:

1. *Стихиялық материалистер* - ертедегі Үндістанда, Грекияда құлдық қоғам тұсында, ғылыми білімдердің әлі дами қоймаған кезінде пайда болған. Фалес суды, Анаксимен ауаны, Анаксимандр апейрон, Гераклит отты, Ксенофан топырақты дүниенің негізі деп ойлаған.

2. *Метафизикалық* (немесе механикалық) материализм XVII-XVIII ғ. жаратылыстану ғылымдарымен, әсіресе механикамен өзара тығыз байланыста дамыған. Механика заңдарын абсолюттендіріп, бүкіл табиғатты, тіпті әлеуметтік құбылыстарды да механика заңдары тұрғысынан түсіндіруге ұмтылғандықтан, бұл материализм механистік деп аталған. Оның өкілдері: Бэкон, Гоббс, Гассенди, Спиноза, Ламетри, Дидро, Гельвецкий, Гольбах, т.б.

3. *Диалектикалық материализм*. Маркстік материализм бұрынғы философияға қарағанда мазмұны жағынан да, өзінің қоғамдық өмірдегі рөлі жағынан да сапалы, жан-жақты дамыған. Материализм мен диалектиканың органикалық бірлігіне сүйеніп, қоғамдық құбылыстарды да қамтиды.

Антропологиялық материализм. Адам психофизиологиялық тірі организм ретінде рух пен материяны біріктіреді. Бірақ, адам мен табиғаттың өзара әрекетінің негізі қоғамдық-тарихи практика екенін мойындамайды. Өкілдері: Фейербах, Чернышевский.

Материализмде ерекше бөлінетін бағыт - тұрпайы (вульгарный) материализм. Олар ойлауды, сананы, психиканы материямен теңестірді, бауырдың - өтті, бүйректің - сұйық дәрет шығаратыны секілді, ойда мидан шығады-мыс деп ұйғарады. Сондықтан ойлау осы мағынасында материалдық болып табылады. Бұл - өрескел қате. Өкілдері: К. Фогт, Я. Молешотт, Л. Бюхнер (XIX ғғ.).

Материализмнің әлсіз жағы – сананың белсенді мәнін түсіндірмеуі, толық дәлелдей алмауы. Материализм философиядағы үстемдік етуші ағым ретінде демократиялық - грекияда, XVII ғ., - ағылшында, XVIII ғ., - Францияда және XX ғ., - СССР және социалистік мемлекеттерде өмір сүрді.

Идея (гр. түр, көрік). *Идеализм* - бұл философиядағы бағытта дүниенің, болмыстың негізі ретінде бір идеалдық мән мойындалады. Яғни рух пен субъектіні негіз деп, материя мен табиғатты туынды деп санайды. Олардың пікірінше, ғылым ашқан табиғат пен қоғам заңдары, құбылыстар мен процестердің себептері тек санамызда орын алған жүйені білдіреді. Идеализмнің екі түрі бар: субъективтік, объективтік идеализм.

Субъективтік идеализм – дүниенің, болмыстың негізі ретінде адамның санасы, адамның «менін» мойындайды. Бізді қоршаған дүние біздің түйсіктеріміздің жиынтығы деп санайды. Олар: Беркли, Мах, Авенариус, Фихте, Юм, Кант, экзистенциализм және феноменология жақтастары. «Мен ғана өмір сүремін, мен бар болсам барлығы да бар, мен жоқ болсам барлығы да жоқ болады» деген субъективтік идеализмнің бір түрі *солипсизм* деп аталады. Идеялар адамның ақыл-ойында өмір сүреді, материалдық заттардың бейнесі де (идеясы) тек адамның ақыл-ойы, сезімдік түйсіктері арқылы өмір сүреді.

Объективтік идеализм - бұл философия ағымында дүниенің негізі ретінде объективті өмір сүретін идеалдық мән, яғни адам санасынан сырт және тәуелсіз өмір сүретін рух (Құдай, Абсолют, Әлемдік ақыл, т.б.) саналады. Объективтік идеализм

ежелгі әлемдегі көптеген мектептерде пайда болып, дамыды. Үндіде (барлық ортодоксальдық мектептерде), Қытайда (Конфуцийшілдік, даосизм), Грекия мен Римде (Пифагор, Платон, неоплатонизм, т.б.), соңынан Орта ғасырда, Қайта өрлеу мен Жаңа заманда жетілді. Өзінің дәйекті және аяқталған түрін немістің классикалық философиясында Гегель тапты.

Негізгі материализм мен идеализм бағыттарымен бірге аралық, келісімдік ағымдар - пантеизм, деизм, гилозоизм бар:

Гилозоизм - (гр. *Hylo* және *zoe* - зат және өмір) материяның әмбебап тіршілігі туралы философиялық ілім. Бұл ілім түсіну және ойлау қабілетін материяның барлық формаларында бар деп есептейді. Шындығында түйсік - жоғарғы дамыған органикалық материяға ғана тән қасиет. Грецияда Фалес пен Гераклит ілімінде пайда болды. Антикалық гилозоизм пантеизмнің теориялық негізі болды.

Пантеизм - (гр. *pan* - бәрі және *theos* – құдай). Құдайды және әлемді біртұтас деп таниды, яғни құдай (идеалдық бастама) және табиғат (материалдық бастама) теңестіріледі. Табиғаттан тыс құдай жоқ, сонымен бірге Құдайдан тыс табиғат та жоқ.

Пантеизм қайта өрлеу дәуірінде пайда болды. Бұл идеяны дамытқандар: Николай Кузанский, Джордано Бруно, ал Жаңа Заманда пантеизм идеясы Шеллинг, Гегель, Соловьевтарда кездеседі.

Деизм - бұл философия ағымы, ол Құдайдың бар екенін мойындайды. Әлемді Құдай жаратқан, бірақ одан соң оның адам мен қоғам өміріне әсері де, ықпалы да, қатысы да жоқ дейді. Ол тек өнегелік символ болып қызмет атқарады. *Деизм* - объективтік идеализмнің ерекше түрі, сонымен бірге объективтік идеализмнің материализмге өтуі жолындағы кезең болады. Деизм XVII ғ пайда болып, ағартушылық дәуірде өте кең тарады. Оның негізін салғандар: Декарт, Ньютон, Локк, белгілі деистердің қатарына - Вольтер, Руссо, Кант, Ломоносов және Абайды қосуға болады.

Философияның негізгі мәселесінің екінші сұрағы, адам санасының дүниені тану мүмкіндігіне арналған. Осыған сәйкес агностицизм және гносеология пайда болды. Гносеология - (гр. *gnosis* таным туралы ілім ретінде әлемді тануға болатындығына күмән келтірмейді. Агностицизм («а» жоқ, «гносис» - білім деген сөзден шыққан) - объект дүниені тану мүмкіншілігін толық немесе ішінара бекерге шығаратын философия ілімі. Дүниенің бастамасы туралы мәселеде дүниені тану немесе болмыс пен ойлаудың сәйкестігі қаралады. Кейбір ойшылдар ақиқатты аяғына дейін тануға болмайды деп есептейді. Олар агностицизм ағымына жатады. Олар: Протогор, Кант, Беркли, Юм. Ежелгі заманда агностицизм түріне: софистика, скептицизм және релятивизм жатады.

Софизм – ақиқат білімнің барына сенбей, елді өзіне қарату үшін мәселені әдейі шатастырып, жалған қағиданы дәлелдеу мақсатымен құрылған ой қорытындылары.

Скептицизм - объективтік дүниені танып білу мүмкіндігіне сенбей, күдікке көп орын беретін философиялық ілім (Пиррон).

Релятивизм (лат *relativus* - относительно, салыстырмалы) – объективтік болмысты білу мүмкін емес деп қарайтын және барлық білімді болжам деп есептейтін философиялық ілім. Релятивизм негізін салушылар негізінен софистер мен скептиктер, ал Жаңа заманда ол позитивизмде дамыды. Олар барлық білімді салыстырмалы принципте түсіндіреді, яғни оның толық еместігін, шарттылығын көп айтады және осының негізінде қандай болса да объективтік шындықты жоққа шығарды.

Философия ғылымының таным теориясында өзіндік төмендегідей ерекше ағымдар пайда болды.

1. *Эмпиризм* - танымның негізінде тек тәжірибе және сезімдік түйсіктер жатыр деп санайды. Оның негізін салған Ф.Бэкон: «білімнің қайнар көзі - тәжірибе», - деді.

2. *Рационализм* - (лат. ratio - ақыл) танымның негізі ақыл деп санайтын философиялық ағым. Ол танымның басты қаруы, сонымен бірге ақиқаттың өлшемі. Болмыстың, танымның, моральдің де негізі - ақыл. Рационализмнің негізі - антикалық философияда (Парменид, Платон, т. б. жасалады, ал философиялық бағыт ретінде ол Жаңа Заманда қалыптасты. Оның өкілдері - Декарт, Спиноза, Лейбниц. Рационализмге иррационализм де, сенсуализм де (эмпиризмде) қарсы тұрады.

3. *Сенсуализм* (лат sensus- сезім) - танымның көзі сезім (түйсік), ол ақиқаттың өлшемі деп санайды. Сенсуализмнің негізі антикада (Демокрит, Эпикур) ерекше бағыт ретінде Жаңа Заман философиясында қалыптасты (материалистік сенсуализм - Гоббс, Локк, Дидро, т. б.) идеалистік сенсуализм - Беркли, Юм, т.б. Ағартушылық дәуірде рационализм мен сенсуализм философияда өте маңызды рөл атқарады.

4. *Иррационализм* (лат. irrationalis - ақылсыз, санасыз, ақыл жетпейтін) - философиядағы ағым, танымда ақыл күшін мойындамайды, оған тіпті шек қояды, сонымен болмыстың мәніне ақылдың жетпейтіндігін уағыздайды. Иррационализмге субъективтік-идеалистік ілім жатады, М: Өмір философиясы (Шопенгауэр, Ницше, Бергсон, Шпенглер), экзистенциализм (Сартр, Камю, Хайдеггер, т.б.) және басқалар.

Диалектика және метафизика. Болмыстың мәні өзгермейтін, тұрақты, қозғалмайтын немесе құбылмалы әрі жылжымалы бола ма? - деген сұрақтарды шешу негізінде ол метафизика мен диалектикаға бөлінеді. Бірақ бұл терминді қолдану бір шама қиын, өйткені, олардың әрқайсының қалай болғанда да екі - ежелгі грек және қазіргі замандағы - мәні бар. Сондықтан оларды қолданған кезде қай мәнде екенін ескерген жөн.

Диалектика - ежелгі грек тілінен сөзбе-сөз аударғанда - «пікір таласы, әңгіме жүргізу өнері». Бұл термин осы мәнінде ежелгі кезден Жаңа Заманға дейін қолданылды. Термин немістің классикалық философиясында және әсіресе марксизм философиясында екінші мәнге ие болды. Атап айтқанда: болмыстың ең жалпылама заңдылықтары мен байланысы туралы ілімге айналды. Диалектиканың екі орталық идеясы бар: барлық құбылыстардың өзара байланысы және шексіз болмыстың өзіне тән қайшылықтары әсерінен үздіксіз дамуы.

Бұл мәнінде диалектика метафизикаға қарама-қарсы. Оның өте ірі өкілдері: Шеллинг, Гегель, Маркс, Ленин, Бергсон. Бірақ дамудың өзі әртүрлі түсіндірілуі мүмкін: «Тұйықталған шеңбер бойынша» даму (Шеллинг, Гегель) және шексіз үдемелі қозғалыс ретіндегі даму (Маркс, Бергсон). **Диалектиканың тарихи формалары: стихиялық, идеалистік және материалистік.** Стихиялық диалектика күнделікті сезімдік тәжірибеден туындайды, дүниенің мәңгі өзгерісіне, қайтып оралуына сүйенеді. Ол әсіресе Гераклиттің “бәрі ағады, бәрі өзгереді” деген қағидасында анық берілген. Күнделікті өмірде барлық адам осы пікірді ұстанады.

Идеалистік диалектика біріншіден, жеке адамдар пікірлерінің (ойының) арасындағы қайшылықты мойындаса, екіншіден, ұрпақтар пікірлерінің қайшылығы, тарихи дамуын анықтайды (Гегель). Оның негізгі кемшілігі - дамуды сана деңгейімен шектеуі. Материалистік диалектика дамуды бар болмыстың қасиеті деп санап, әмбебаптың деңгейіне көтереді. Және объективтік диалектиканы (дүниенің дамуы) субъективтік диалектиканың (сананың дамуы) негізі деп қарастырады.

Метафизика грек тілінен сөзбе-сөз аударғанда - «физикадан кейін» деген ұғым. Бастапқыда метафизика деп Аристотельдің философиясын, ал ортағасырдан бастап жалпы философияны атады. Осы мәнінде бұл термин қазіргі кезде де жиі қолданады, яғни: “Метафизика” дегеніміз - философия. Жаңа заманда «метафизика» термині қосымша философиялық ілім мәніне ие болды, шексіз әлемнің өзгеруін өзіндік даму ретінде мойындамады яғни, диалектикаға қарама-қарсы ілім болды. Сондықтан, метафизиканы *антидиалектика* дейміз.

Егер бұл мәндердің арасын айырмаса, көп түсінбестік болуы мүмкін. М: Парменид пен Зенонды қазіргі заманда сөздің екінші мәнінде метафизиканың негізін

қалаушы деп атауға болады (өйткені, олар шын болмыс қозғалмайды және өзгеріссіз болады деп алғаш рет айтты), бірақ оларды ежелгі грек сөзінің мәнінде диалектиканың негізін қалаушылар деп те атауға болады. Олар алғашқы болып философиялық идеяларды негіздеп дәлелдей бастады. Қазіргі заман түсінігінде метафизиктер деп ХХ ғ философияларының көбін айтуға болады.

Философияның қызметіне оның мақсатын анықтауда қолданылатын дүниетанымдық, әдістемелік, теориялық ойлау, сыни-талап, аксиологиялық, әлеуметтік, гуманитарлық және болжаушылық міндеттерді жатқызамыз.

Философияның дүниетанымдық қызметі - әлемнің тұтастық бейнесін қалыптастырудың мүмкіндігі, оның құрылымы туралы ұғымды, ондағы адамның орнын және бірлесіп әрекет жасау принциптерінің мәнін түсіндіреді.

Философияның әдістемелік (методологиялық) қызметі - бізді қоршаған шындықты тану әдісін жасайды. Философия - танымның ең жалпы әдістерінің және адамның шындықты игеруінің ең түпкі тәсілдері туралы ілім ретінде көрінеді.

Философияның теориялық ойлау қызметінің мәні, әсіресе философия тарихын зерттеудегі даналыққа байланысты.

Философияның сыни-талап қызметі - қоршаған дүниенің және білімнің барлығына күмән келтіру, дүниеде жаңа пайда болғанның ерекшеліктерін іздеу, қайшылықтарын ашу, таным шекарасын кеңейту, білімді модернизациялау және анықтығын ұлғайту. Сын басқа пәндерді ғана емес, философияның өзін де қамтиды.

Философияның аксиологиялық қызметі (гр. *axios* - құндылық) - бізді қоршаған әлемді, заттар мен құбылыстарды әр түрлі құндылықтар - әдептілік, этикалық, әлеуметтік, идеологиялық, т. б. - тұрғысынан бағалау.

Философияның аксиологиялық қызметі, әсіресе, тарихтағы ұлы өзгеріс кезінде, орта ғасыр басындағы Рим империясының қирауынан кейін құндылықты жаңа діннен іздеу, қайта өрлеудегі реформация, капитализмнің дамуының дағдарысы (XIX-XX ғғ.), социализмнің тұйыққа тірелуіне (XX-XXI ғғ.) байланысты ерекше күшейеді. Философияның әлеуметтік қызметі - қоғамның пайда болу себебін, эволюциясын, қазіргі жағдайын, құрылымын, элементін, қозғаушы күштерін, қайшылықтарын ашу, түсіндіру және дамуды жеңілдендіру жолдарын көрсетеді

Философияның әлеуметтік қызметі - қоғамның пайда болу себебін, эволюциясын, қазіргі жағдайын, құрылымын, элементін, қозғаушы күштерін, қайшылықтарын ашу, түсіндіру және дамуды жеңілдендіру жолдарын көрсетеді..

Философияның гуманитарлық қызметі - гуманистік құндылықтар мен идеяларды адамға және қоғамға енгізеді, моральдің ықпалын нығайтады, адамның қоршаған ортаға бейімденуін, өз өмірінің мәнін табуды қарастырады.

Философияның болжаушылық қызметі - дүние мен адам туралы философиялық білімге сүйене отырып, материяның, сананың, тану процесінің, адамның, табиғаттың және қоғам дамуының тенденциясының жетістіктерін анықтап, болжайды. Философияның қызметтері бір-бірімен диалектикалық өзара қарым- қатынаста болады. Олардың тұтастық бірлігі - философиялық білімнің спецификасы мен мәнін көрсетеді.

Философия дүниеге көзқарас қана емес, ол ғылым. Сондықтан барлық ғылымдар сияқты дүниенің (табиғат, қоғам, сана) заңдары мен заңдылықтарын ашуға ұмтылады. Заң дегеніміз - заттар мен құбылыстардың, олардың қасиеттерінің қайталана беретін тұрақты байланысы, ал философия - дүниенің ең түпкі заңдарын ашуды міндет тұтса, ең түпкі қасиеттерді анықтап, солардың тұрақты байланысын табуға тырысуы керек. Ондай қасиеттерге дүние болмысының зат және идея түрінде берілетіні жатқандықтан, материя мен идея, болмыс пен сана, объект пен субъект қатынастары философияның негізгі мәселесі деп, алғаш Ф.Энгельс айтқан. Бұл өз мәнісін әлі күнге дейін жойған жоқ, материалистік және идеалистік көзқарасты ұстанушылар әлі де тиянақты бір пікірге келе алмай отыр. Сана мен материя

қатынасы мәселесі әсіресе адам болмысын анықтауда ерекше анық көрінеді: бірі адамды рухани десе, бірі - материалдық жан деп өзара қатаң айтысқа түседі, саясатта қолданып іс-әрекеттерін, таптар, ұлттар, мемлекеттердің өзара соғыстарын ақтауға тырысады.

Адам болмысының ерекшелігі - руханилығында, яғни ол көрінген ісін алдымен басында, санасында идеалдық түрде, ойша істеп кейін реалдыққа көшіреді. Бірақ ол руханилыққа ерекше биологиялық жан ретінде және руханилықтың көзі - қоғамдық өмір арқылы ғана келе алады. Екіншіден, қандай істі басында жоспарласа да, ол қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаның біздің санамыздан тәуелсіз заңдылықтарына, тарихи даму деңгейіне сәйкес келгенде ғана реалдыққа айналады. Адам туа бітісімен, ісінің қорытындысымен материалдықпен шектеліп отырса да, рухани жандылығын жоғалтпайды. Сондықтан оған ешқашан қайталанбайтын, шексіз құндылық ретінде қарау қажет, көбінесе материалдық байлық мәселесі төңірегінен аса алмайтын саясаттың құлы етпеу керек.

Философия және ғылым мәселесінде философия ғылымы заңдарының ерекшелігін де ескеріп отыру керек, онда дүниеге көзқарассыз мазмұн болмай, оның мәселелері нақты ғылымдағыдай есеп-қисапқа келтіріле бермейді. Сондықтан философияның заңдары жалпы бағыттылық, тенденциялық сипатта орындалады. Ал, дүниенің көрінген құбылысы өздігінен, ішкі қайшылықтардың қарама-қарсылығынан дамиды ескеріп, философия өз мәселесін қосалқы ұғымдар, категориялар байланысы, олардың бірін-бірі толықтырып, біріне-бірі өтуі арқылы шешуге тырысады. Мұны нақты ғылымдар ұстанатын формальдық, математикалық логика орындай алмайтындықтан, марксизмде диалектикалық логика ілімі пайда болды. Оның тарихи, ғылыми мәні соңғы кезде біз еліктей бастаған позитивтік ағымдар әлі де толық түсіне қойған жоқ. Сондықтан саясаттың өткіншілігін, ғылымның мәңгілігін ескеріп марксизмнің саяси-экономикалық, идеологиялық ілімін ғылыми-философиялық жетістіктерімен шатастырмай, терең оқып-білуге ұмтылу керек.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Философияның пәні мен қызметі, оның қоғамдағы рөлін көрсетіңіз?
2. Философияның негізгі мәселесі. Материализм және идеализм – философияның негізгі бағыттары. Философияның мағынасы және тарихы.
3. Дүниеге көзқарас ұғымы. Дүниеге көзқарастың тарихи типтері: миф, дін, философия; олардың ерекшеліктері неде?
4. Мифологиялық және діни көзқарас, философияның алғышарты қандай?
5. Философиялық көзқарастың мәні.
6. Философия, мәдениет пен ғылым әлеміндегі қызметі.
7. Философия, саясат, қазіргі заман.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Ғабитов Т. Философия. Оқулық. Алматы, «Заң әдебиеті», 2018.
2. Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2- том, Орта ғасыр философиясы: оқулық. Алматы, 2018.- 400 б
3. Темірғалиева Қ.А., Бәкірова А.Т. Философия: оқу құралы. Алматы, 2016.
4. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихы: оқулық. Алматы, 2015.
5. Алтаев Ж., Қасабек А. Философия тарихы. Оқулық. Алматы, 2017.
6. Алтаев Ж., Қасабек А. Қазақ философиясы. Оқулық. Алматы, 2017.
7. Хрусталев Ю. М. Философия: учебник. 2015.

Қосымша:

1. Шадинова Г.А., Көлеген Г.Б. Философия негіздері. Оқу-әдістемелік құрал.– Түркістан: Тұран. 2018.

2. Қоңырбаева К. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. Алматы, 2013
3. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: Әлеуметтік- мәдени негіздер. Монография. Алматы. 2013
4. Дайрабаева Г.Б., Шадинова Г.А. Ақпарат философиясы. Жоғары оқу орындарының магистранттарына арналған лекциялық жинақ. Түркістан, 2018
5. Философияның таңдаулы 25 кітабы Аударм.: Құранбек Ә., Рыскиева А.А. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018

WEB сайттар:

- 1.Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1- том, Орта ғасыр философиясы. Астана, 2018. <http://rmebrk.kz/>
2. Жекебаева М.Ә. Философия. Оқу құралы. Алматы, 2018. <http://rmebrk.kz/>
3. Бондаренко Ю.Я., Зекрист Р.И. Философия. Учебно-методическое пособие. Шымкент, 2019. <http://rmebrk.kz/>